



**Қазақстан Республикасының Радиожиіліктер жөніндегі мемлекеттік
ведомствоаралық комиссиясы туралы Ережені бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 21 қараша N 1418.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 21 мамырдағы
N 543 қаулысымен. ~P020543

"Қазақстан Республикасының радиожиіліктер жөніндегі мемлекеттік
ведомствоаралық комиссиясы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1996 жылғы 15 қазандағы N 1266

P961266_

қаулысына сәйкес Қазақстан
Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Радиожиілік жөніндегі мемлекеттік
ведомствоаралық комиссиясы туралы қоса беріліп отырған Ереже
бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1966 жылғы 21 қарашадағы
N 1418 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының радиожиіліктер жөніндегі
мемлекеттік ведомствоаралық комиссиясы туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Радиожиіліктер жөніндегі мемлекеттік
ведомствоаралық комиссиясы (бұдан әрі - Радиожиіліктер жөніндегі комиссия)

радиожиилік спектрін басқару, бөлу және пайдалану саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру, сондай-ақ радиоэлектронды құралдардың электр магниттік сыйымдылығын қамтамасыз ету жөніндегі орган болып табылады.

2. Радиожииліктер жөніндегі комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, белгіленген тәртіпте бекітілген электр және радио байланысы саласындағы халықаралық конвенцияларды, Электр байланысы халықаралық одағының жетекші құжаттарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Радиожииліктер жөніндегі комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетімен бірлесіп жүзеге асырады. <*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.12.23. N 1322 қаулысымен. P981322_

2. Міндеттері

4. Радиожиилік спектрін бөлу және пайдалану мәселелерімен айналысатын халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру және қорғау.

5. Қазақстан Республикасының радиоқызметтері арасында 3 кГц-тен 400 ГГц-ке дейінгі жиіліктер диапазонындағы жиіліктер белдеулерін бөлу кестесін жүргізу. <*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.06.26. N 947 қаулысымен. P000947_

6. Радиоэлектронды техниканы дамыту тенденциясы негізінде радиожиилік спектрін бөлу және пайдалану саласындағы ұзақ мерзімді саясатты әзірлеу.

7. Мемлекеттің шектеулі табиғи ресурсы ретінде радиожиилік спектрін пайдаланудың тиімділігін арттыру.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.06.26. N 947 қаулысымен. P000947_

8. Қазақстан Республикасының радиоэлектронды аппаратураға шетелге тапсырыс беруші, әзірлеуші, оны пайдаланушы немесе сатып алушы барлық министрліктерінің, ведомстволары мен ұйымдарының жұмыстарын үйлестіру.

9. Радиоэлектронды құралдарды дайындау, шығару және Қазақстан Республикасының ішкі рыногына әкелу кезінде олардың негізгі техникалық сипаттамалары мен қойылатын өзге де талаптарды айқындау. <*>

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.06.26. N 947 қаулысымен. P000947_

3. Функциялары

10. Мыналар:

1) ақпаратты жинау мен есепке алудың бірыңғай мемлекеттік жүйесін құру және дамыту радиожиилік спектрін пайдалану жөніндегі басқару процестерін автоматтандыру;

2) халықаралық регламентке сәйкес радиожиилік спектрін конверсиялауды ұйымдастыру;

3) радиожиилік белдеулерін бөлу мен пайдалануды, спутниктік жүйелер (желілер) үшін геостационарлық орбитадағы жасанды спутниктердің тұру нүктесін (учаскелерін) жоспарлау;

4) Қазақстан Республикасында дайындалатын, (моделі жасалатын), шығарылатын және шетелден сатып алынатын радиоэлектронды құралдар үшін радиожииліктер белдеулері мен номиналдарын бөліп көрсету;

5) Қазақстан Республикасының аумағында негізгі пайдаланушылардың радиоқызметтерінің радиожиилік спектрін пайдалану жөніндегі өзара іс-қимылын ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді. <*>

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.06.26. N 947 қаулысымен. P000947_

11. Ақпаратты белсенді қорғаудың құралдары мен жүйелерін, олардың әртүрлі мақсаттағы радиоэлектронды құралдармен электр магнитті сыйымдылығы бөлігінде пайдалануға қойылатын жалпы талаптарды келіседі. <*>

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.06.26. N 947 қаулысымен. P000947_

12. Олардың электромагниттік үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін радиоэлектронды құралдарды жиіліктік-аумақтық бөлу нормаларын қарайды

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.06.26. N 947 қаулысымен. P000947_

13. Қазақстан Республикасының радиоқызметтері арасында 3 кГц-тен 400 ГГц-ке дейінгі жиіліктер диапазонындағы жиіліктер белдеулерін бөлу кестесін одан әрі жетілдіру жөніндегі іс-шараларды жүргізеді, жиіліктер белдеулерін қосымша (ішкі) бөлу мүмкіндігін және жаңа радиобайланыс техникасы мен

технологияларын пайдалану жағдайларын қарастырады. <*>

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.06.26. N 947

қаулысымен.

P000947_

13-1. Қазақстан Республикасының аумағында жиіліктік-аумақтық бөлу жоспарларын қарайды.

<*>

ЕСКЕРТУ. Жаңа 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.06.26.

N 947 қаулысымен.

P000947_

14. ГОСТ-сы жоқ көпшілік пайдаланатын радиоэлектронды құралдардың жекелеген түрлерін әзірлеу, өндіру және шетелден сатып алу үшін үлгілік талаптарды, негізгі техникалық сипаттамаларды (нормаларды) айқындайды, сондай-ақ радиоэлектронды құралдардың барлық түрлері үшін радиожіілік белдеулерін (номиналдарын) бөлу туралы шешім қабылдайды.

<*>

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ 3 бөлімге енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.06.26.

N 947 қаулысымен.

P000947_

4. Құқықтар

15. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына белгіленген тәртіппен:

1) радиожіілік спектрін пайдалану саласында құқықтық заңдарды жетілдіру;

2) радио сәулелену нормалары мен индустриалды радио кедергілердің рұқсат етілген нормаларына сәйкес келмейтін радиоэлектронды құралдарды, жоғары

жиілікті құрғыларды, электр жабдықтары мен басқа да техникалық құралдарды әзірлеуді және өндіруді тоқтата тұру мен тыйым салу жөнінде ұсыныстар енгізеді. <*>

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.06.26. N 947 қаулысымен. P000947_

16. Радиожиілік жөніндегі комиссияның құзыретіне жататын мәселелер бойынша радио электронды құралдарды пайдаланушылардан қажетті ақпаратты сұратып алады.

17. Техникалық сараптамалар, консультациялар жүргізу, Радиожиілік жөніндегі комиссияның қарауына жататын өзге де мәселелерді әзірлеу үшін ғылыми-зерттеу мекемелері мен оны оқу орындарын тартады.

18. Радиожиілік спектрін бөлу және пайдалану саласында ұсыныстарды қарау мен енгізу үшін мүдделі министрліктер мен ведомстволардың келісімі бойынша мамандарды тұрақты түрде немесе уақытша комиссияларға және жұмыс топтарына тартады.

5. Радиожиіліктер жөніндегі комиссияның қызметін ұйымдастыру <*>

19. Радиожиіліктер жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссияны комиссияның төрағасы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі басқарады. Комиссияға төрағаның орынбасары және Қазақстан Республикасы министрліктері мен агенттіктерінің басшы қызметкерлері кіреді. Комиссияның құрамы министрліктер мен агенттіктер ұсынған кандидатуралар негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі. <*>

ЕСКЕРТУ. 19-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.12.23. N 1322 қаулысымен. P981322_

ЕСКЕРТУ. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.06.26. N 947 қаулысымен. P000947_

20. Радиожиілік спектрін бөлу және пайдалану саласындағы Радиожиілік жөніндегі комиссияның шешімдері Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің актілері арқылы жүзеге асырылады.

21. Радиожиіліктер жөніндегі комиссияның мәжілістері тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Егер мәжіліске оның мүшелерінің жартысынан кем емес бөлігі қатысса ғана, ол құқықты деп есептеледі. Комиссияның шешімдері ашық дауысқа салумен қабылданады және егер мәжіліске қатысып отырған комиссия мүшелерінің жартысынан астамы жақтап дауыс берсе, олар қабылданған болып

есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Мәжілістің материалдары оның өткізілуінен он күн бұрын мерзімде

комиссияның барлық мүшелеріне алдын ала жіберіледі.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікірге құқығы бар, оны білдірген жағдайда, ол жазбаша түрде баяндалуы және комиссияның есеп-хатына қоса берілуі тиіс.

Комиссияның мәжілістерін жүргізу нәтижелері бойынша оның мәжіліске қатысқан мүшелерінің қолдары қойылған хаттама жасалады.

<*>

ЕСКЕРТУ. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.06.26. N 947 қаулысымен.

P000947_

22. Радиожиіліктер жөніндегі комиссияның төрағасы:

1) комиссияның қызметіне басшылық етеді және оған жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауап береді;

<*>

2) өзінің орынбасарларының жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

<*>

2-1) комиссия жұмысының перспективалық және ағымдық жоспарларын жыл сайын бекітеді.

<*>

ЕСКЕРТУ. 22-тармақ өзгерді және толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.06.26. N 947 қаулысымен.

P000947_

23.

<*>

ЕСКЕРТУ. 23-тармақ алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1998.12.23. N 1322 қаулысымен.

P981322_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК